

*Бидай өнімдерін бақылау  
және қауіпсіздігі!*



Астық қорының қамтамасыздандыру деңгейі бойынша Қазақстан әлем елдерінің арасында жетекші орында тұр. Оның өндіру көлемі астықты тұтынудан 1,5-1,8 есе артық. Бірақ өндірген астығымыз Қазақстанның тұтынуынан артық болғанымен оның қажеттілігін толығымен қанағаттандырмай отыр: қажетті азық-түлік астықтың алуан сұрыптылығына (ассортиментіне) сай емес, ұн тарту, жарма жару және құнарлы жем өндіру өнеркәсібіне өндірген астық сапасы әр қашанда жауап бере бермейді



Соңғы жылдары елімізде 12-13 млн. га жуық егістік көлемі жаздық жұмсақ бидай үлесіне тиеді. Бұл егістік жерлер негізінен Солтүстік Қазақстанның далалы аймақтарында орналасқан. Негізгі өндіруші: Ақмола, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстары болып табылады. Солтүстік Қазақстанның топырақ- климат жағдайлары жоғары сапалы ақуыз (белок) мөлшері – 15-19 % , шикі уыз (клейковина) мөлшері – 40 % , ұн күші- 400- ден 800 ге дейінгі бірлікте) жаздық жұмсақ бидай астығын алуға мүмкіндік береді. Солтүстік Қазақстан облыстарының әр түрлі ылғалды жылдарында тұрақты өнімді қамтамасыз ету мақсатында ортадан ерте, орташа мерзімде және орташадан кеш мерзімде пісетін жаздық жұмсақ бидай сорттарын қолдану ұсынылады





Жоғары өнімді алуда  
сорттарды  
таңдаудың маңызы  
зор. Ғылым мен  
тәжірибе  
дәлелдегендей үздік  
аудандастырылған  
сорттарды қолдану  
өнімділікті 25-30%  
жоғарылатады



2014 жылы жаздық жұмсақ бидай өнімділігі сорттарына қарай 9,3 - 17,8 ц/га шамасында болды. Жаздық жұмсақ бидайдың пісу кезеңіндегі ауа-райының қолайсыздығы, нақтырақ айтқанда мол түскен жауын- шашын жаңа өскіндердің (подгон) пайда болуына әкеп соғып, дәннің пісу мерзімін ұзартып жіберді, соған байланысты өнімнің төмендеуі мен сапасының аз да болса нашарлауына себеп болды. Джон-Дир кешенді сепкішімен себілген танаптың өнімділігі 12,3-17,8 ц/га болды. Сорттардың ішінде жоғары өнімділікті орташадан ерте пісетін Астана сорты көрсетті - 11,5-17,8 ц/га.



2015 жылы бидай өнімділігіне есеп жұмыстары бойынша жаздық жұмсақ бидайдың негізгі өсіп-даму кезеңінде (түптенудің ортасы мен сүттенне пісу кезеңдері) ылғал мөлшері аз, сондай-ақ көпжылдық орташа көрсеткіштен төмен салқын ауа - райы болғанда, ал бидайдың пісу кезеңінде мол жауын-шашын түсуі бидайдың жаңа өскіндерінің өсуіне, арамшөптердің қаулап өсуіне мүмкіндік жасауы, бұл бидайдың жоғары ылғалдылықпен қалыптасуына соның нәтижесінде бидай пісуінің кешеуілдеуіне және созылуына әкеп соқтырды. Осы қолайсыз әсерлер біздің тәжірибе танаптарында кері әсерлерін берді, нақтырақ айтсақ, сабақ биіктіктері әр түрлі болып қалыптасты.








2016жылмен салыстырғанда бидай өнімі де сәйкесінше төмен болды. жаздық бидайдың ылғалға аса қажетсінетін «қиын-қыстау» түтікке шығу-масақтану кезеңінде 25,7-5 мм ылғал түсті, ал бұл көрсеткіш көпжылдық орташа мәліметтермен салыстырғанда 26,3-18 мм төмен болды. Осындай жағдайда тыңайтқыш еңгізген танапты тыңайтқыш еңгізілмеген танаптармен салыстырғанда өнімділікте біршама жоғарылық байқалды. Тыңайтқыш аясында өнімділік 1,4-4,7 ц/га артық болды. Тыңайтқыш аясында орташа бидай өнімі 13,4 ц/га болды, ең жоғарғы көрсеткіш орташадан ерте мерзімде пісетін Астана сортында болды- 15,1 ц/га. Тыңайтқыш еңгізілмеген аяда орташа бидай өнімі 12,3 ц/га болды. 2009 жылмен салыстырғанда егінді жинау мерзімінде жауын- шашын аз түсті, соған байланысты бидайды жинағаннан кейінгі (ДОМА-2ММ құрылғысымен танаптық жағдайда) анықтаған ылғалдылық та аса жоғары болмады, орташа ылғалдылық -14,6 % болды.





Қорытынды Орташа 3 жылда келесі заңдылықты атап айтуға болады, жаздық жұмсақ бидайдың өсіп - даму кезеңдеріндегі қолайсыз ауа - райы жағдайларына қарамастан ерте мерзімде сепкен жөн (мамырдың екінші онкүндігінен бастап), ал жылуға және ылғалға байланысты орташадан ерте мерзімде пісетін сорттарды сепкен дұрыс. Зерттеу нәтижелері бойынша 3 жылда сорттардың ішінен тұрақты да жоғары өнім көрсеткен орташадан ерте пісетін Астана сорты болды (14,8-16,2 ц/га). Себумен бірге 20 кг/га мөлшерімен минералды тыңайтқыш еңгізу өнімнің жоғарлауына әсер етті. Бидайдың астық өнімі тыңайтылған танапта 1,5 ц/га-ға артты, ал жылдарға шаққанда жаздық жұмсақ бидайдың өсіп-даму кезеңінде жауын – шашын аз түсіп, түптенудің ортасынан сүттене - балауыздана пісу кезеңдерінің аралығында мүлде болмаса, сондай – ақ орташа көпжылдық көрсеткіштерден төмен қоңыржай ауа - райы тұрып, жинау кезеңінде ағыл - тегіл жауын жауған жағдайда 1,0-ден - 1,9 ц/га өнімнің жоғарылауына әсер етті. Біздің зерттеулерімізде минералды тыңайтқышты еңгізуге әр сорт әр түрлі әсер етті. Астана сорты өнімділігі тыңайтқыш аясында – 2,6 ц/га артты, яғни жақсы әсер етті, ал Омбы сорттары тыңайтқыш аясын дұрыс пайдалана алмады.



*Назарларыңызға  
рахмет*